

Мектеп тарихынан шерткен сырлардан...

Шорнақ елдімекендегі Қ.Рысбеков атындағы мектеп-интернатының іргетасы 1949 жылы қаланған. Алғашқы онжылдықта Фрунзе ауылдық Кеңестер үйінің қызметін атқарған. 1959 жылы Қазақ ССР министрлер советінің шешімімен ауылда мектеп-интернат ашылып, осында орналастырылады. 1 қыркүйекте білім есігін ашқан мектеп-интернатқа шопан отбасыларының балалары мен орталықтан шалғай жатқан ауылдың балалары жатқызылады. Сол жылдың қазан айында М.В.Фрунзе мектебінің директоры болып Алтаев Өмірәлі тағайындалады. Мектеп ашылған жылы 50-60 оқушы, 7-8 мұғалім ғана қызмет атқарған.



Алтаев Өмірәлі 1962 жылы қайтыс болып, оның орнына Ықтияров Мұсахан деген соғыс ардагері директор болды, 1965 жылы мамыр айының 5 күні М.Ықтияров орнынан алынып, директор болып Сарбасов Нұртай тағайындалды.

***Сарбасов Нұртай 1973 жылы «Еңбек Қызыл Ту»
орденін алған.***

1974 жылы «Отличник Народного образования КазССР». РайОНО кеңес мүшесі.

1966-1984 жылдары арасында аудандық партия комитетінің пленум мүшесі. Аудандық кеңеске 2 рет, ауылдық кеңеске 4 рет депутат болған.

Сарбасов Нұртай 1965 жылы мамыр айынан 1984 жылға дейін, яғни құрметті еңбек демалысына шыққанға дейін директор болып қызмет атқарды. Осы жылдар ішінде оқушы саны 280-ге жетті.

Мектеп-интернат сол жылдары облыстық, аудандық «Зарница» және «Туризм» ойындарында жүлдеген атанды. Ұжым республика бойынша алдыңғы қатарлы мектеп-интернат ретінде танылып, Қазақ ССР Оқу министрлігінің Қызыл Туын бірнеше рет және Бүкілодақтық Кәсіподақтар Кеңесі төралқасының Қызыл Туын жеңіп алып, тұрақты сақтау құқығына ие болды.

1968 жылы мектеп-интернатқа Кеңес Одағының Батыры осы Шорнақ елдімекеннің тумасы Құрманбай Рысбековтың есімін беру туралы Түркістан аудандық атқару комитетіне ұсыныс беріліп, 1972 жылы мектеп-интернат батырдың есімімен атала бастады.



1984 жылы Омарбаев Еркінбек мектеп басшылығын өз қолына алды.

Омарбаев Еркінбек 1974 жылы КазССР Оқу министрінің Мақтау қағазын, одан кейін облыстық атқару комитетінің Мақтау қағазын алған.

1978 жылы Халық ағарту ісінің үздігі.

1984-1987 жылдары совет РайОНО мүшесі.

Сонымен қатар, А.П.Жуковтың 100 жылдығы медалімен, Тәуелсіздікке 25 жыл медалімен, Астана медалімен марапатталған.

1992 жылы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың алғыс хатын, 2002 жылы облыс әкімі Б.Сапарбаевтың Мақтау қағазын алған.

Оңтүстік Қазақстан облысының, Түркістан қаласының Құрметті Азаматы.



Сол жылы интернатқа жабылу қаупі төнді. Сол уақытта ауданда 2 интернат болған, біреуі осы №5 интернат болса, екіншісі Қарашық ауылындағы №15 мектеп-интернаты. Аудандық атқару комитетінің шешімімен №5 мектеп-интернат жабылады, өйткені қазақ мектеп-интернаттары көп болған. Жабылу туралы

шешімді ұжымды жинап хабарлама жасалады. Ұжым реніш білдіріп, жиналыста ардагер ұстаздар Исабеков Сәрсенбай, Сәрсенов Жұмаділла, Әбдреймова Зайтунна апайлар сөз сөйлейді. Олар «әрекет жасайық, интернатты жаптырмайық» деген пікірлерін айтады. Омарбаев Еркінбек сол кездегі Облыстық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі Раиса Ахметоваға хатпен шықты. Ол кісіге интернат оқушыларының көбісі қойшылардың балалары екендігін айтып түсіндіру арқылы Облыстық атқару комитетінің шешімімен Түркістан аудандық атқару комитетінің шешімін бұзып №5 мектеп-интернатты сақтап қалды,оның орнына Қарашық ауылындағы №15 мектеп-интернаты жабылды.

1987 жылы мектеп директоры болып Әшенов Өтеген сайланды.

Әшенов Өтеген 1976 жылы Қазақстан Оқу министрлігінің Құрмет грамотасымен;

1996 жылы «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен, сондай-ақ облыстық, қалалық білім беру бөлімдерінің Мақтау қағаздарымен марапатталған.

1988-1990 жылдары мектепке Кішібаев Жұмаділла басшылық етті.

1990 жылы Ж.Кішібаевтың орнына Исатаев Ибадулла отырды.

1991-2002 жылдар аралығында Әшенов Өтеген қайта өз қызметіне оралды.

1999 жылы тағы да №5 мектеп-интернатын жабуға тура келеді. Сол жылы облыс бойынша 6 интернат жабылады, соның біреуі осы №5 мектеп-интернат болатын. Бұл жолы да сәті түсіп жабудан аман алып қалады. Ол кезде ауыл әкімі Омарбаев ауыл әкімі болған. 2001 жылы тағы да осылай болады, араға түсіп жүріп тағы аман қалады.Осы жылдар аралығында мектеп-интернат облыстық халыққа білім беру бөліміне қараған.

2002 жылы Сапорова Гүлназ мектеп директоры болды.



2007 жылы мектеп-интернат жаңа типті, 300 орындық жатақханасы бар 3 қабатты ғимаратқа көшіріледі.

2008 жылы сол кездегі ҚР Білім және Ғылым вице министрі Күләш Шәмшидинова интернатқа келіп, мектеп-интернаттың тыныс-тіршілігімен танысып кеткен. Сол жолы, сол кездегі мектеп директоры Сапорова Гүлназдың жұмысына жоғары баға беріп, оны марапатқа ұсынады.

2013 жылдан 2016 жылға дейін мектепті Бекназаров Бақтияр басқарды.

2016 жылы ақпан айынан бастап мектепті Шүкірбаев Әмірхан басқарып келеді.

2015 жылы Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы «Qimet - АВ» Қоғамдық бірлестігінің «Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

Мектеп басшылары

1959-1962 жылдары Алтаев Әмірәлі.

1962-1965 жылдары Ықтияров Мұсахан.

1965-1984 жылдары Сарбасов Нұртай.

1984-1987 жылдары Омарбаев Еркінбек.

1987-1988 жылдары Әшенов Әтеген.
1988-1990 жылдары Кішібаев Жұмаділла.
1990-1991 жылдары Исатаев Ибадулла.
1991-2002 жылдары Әшенов Әтеген.
2002-2013 жылдары Сапорова Гүлназ.
2013- 2016 жылдары Бекназаров Бақтияр.
2016 жылдан Шүкірбаев Әмірхан.

Мектеп басшыларының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары

1959-1960 жылдары Қорабаев Сармерген.
1960-1962 жылдары Сара Аманова.
1962-1966 жылдары Алдияров Есенбек пен Үсенов
Жолдас.
1966 жылы Алдияров Есенбек.
1969-1984 жылдары Омарбаев Еркінбек.
1984-1986 жылдары Жуманов Срайыл.
1986-1991 жылдары Шораева Дүризада
1991-1998 жылдары Ағыбай Рашев.
1998-1999 жылдары Ілиясов Әмірбек
1999-2017жылдары Әбутәліп Сыздықов.
2017 жылдан Айгул Накипова

Мектеп аты берілген - Құрбанбай батыр



Құрбанбай Рысбеков
1922 жылы Түркістан
ауданындағы Шорнақ
ауылында туылған.
Әкесі Құрақов Ырысбек
пен анасы Шарапат
«Ленинизм»

ұжымшарының мүшесі
болған. Құрбанбай
Шорнақтағы Фрунзе
жетіжылдық мектебін,
1939 жылы Түркістан
қаласындағы Калинин
орта мектебін бітіреді.

1939-1941 жылдары
ол Ташкент мұғалімдер
институтын аяқтаған

соң, Түркістан ауданындағы Крупская атындағы орталау
мектепте тарих-география пәнінен дәріс береді.


1942 жылы 2 ақпанда Қ.Рысбеков Қызыл Армия
қатарына шақырылып, Башқұрт АССР
Благоволценений қаласында тамыз-қазан айларында
әскери дайындықтан өтеді. 1943 жылы 4 сәуірде
офицерлік училищені мерзімінен бұрын бітіріп, кіші
лейтенант атағын алады. Одан соң І-ші Украина
майданына аттанып, 24007 ш. Әскери бөлімінде
атқыштар полкінің взвод командирі болады. Днепр
өзені, Вира деревнясы, керамикалық институт, Яцки
селосы үшін болған шайқастарға қатысқан.

Бұл күндері Ю.Рысбековтың үйінде мына басты құжат
сақтаулы;

«КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы Кеңес
Одағының батыры Рысбеков Құрбанбай жолдасқа!

Сіздің неміс басқыншыларымен майдандағы
шайқаста командованиеңіз жауынгерлік
тапсырмаларын орындау кезінде көрсеткен
қаһармандық ерлігіңіз үшін КСРО Жоғарғы Кеңесінің
Президиумы өзінің 1944 жылғы 10 қаңтардағы

Жарлығымен Сізге Кеңес Одағының Батыры атағын берді.




КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының төрағасы Н.Шверник.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының хатшысы А.Горкин.

Мәскеу-Кремль, 1947 жыл, 18 наурыз, №3821»

Қ.Рысбековтың екі інісі бар олар Жолданбай Рысбеков және Азим Ирисбеков. Жолданбай Рысбековтың: ұлы Құрбанбай Рысбеков, қыздары Опанай, Рұза, Раъно, Ұғилай. Азим Рысбековтың ұлдары: Қахрамон, Уйғун, Усан, қыздары Тамара, Гулнара, Клара, Фатима. Барлығы жоғары білімді.



Тов. Црисбекову
Мурбантаю

С О Ю З
СОВЕТСКИХ
СОЦИАЛИ-
СТИЧЕСКИХ
РЕСПУБЛИК



Москва—Кремль, 18 марта... 1947 г.

No 3821

А ВАШ ГЕРОЙСКИЙ ПОДВИГ, проявленный при выполнении боевых заданий командования на фронте борьбы с немецкими захватчиками.

ПРЕЗИДИУМ ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР
СВОИМ УКАЗОМ от 10 января 1944 г. ПРИСВОИЛ ВАМ
ЗВАНИЕ ГЕРОЯ СОВЕТСКОГО СОЮЗА.

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР
СЕКРЕТАРЬ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР

W. C. C. C.


Алпыс жылдан кейін табылған зират

«Ұлы Жеңістің 60 жылдығына – 60 игі іс» бастамасымен елге оралмай қалған боздақтарымыздың ізімен ел аманатын арқалап сапарға шыққан «Жеңіс» тобы Украинаның Киев облысы, Васильковский ауданының Яцки селосына барған.





МОРГУН П.К.
М...НИК Ф.Ф.
НЕНЬКО Л.П.
РИСБЕКОВ КУРБАНБАЙ
СКАЧ... К.Т.
СОЛОДЕНЬКО П.М.
САВЕНКО Г.И.
...И.Е.





Сол жолы Украинадағы Қазақстан елшілігінің көмегімен батырдың зиратын тауып, туған жердің топырағын табыстап, батырдың әруағына Құран бағыштап қайтқан.

«Жеңіс» тобының жетекшісі Мақсұтхан Дүйсебеков бұл туралы былай деген:

«Батырдың моласының бұрын табылмаған себебі, селодағы мола екіге бөлінген екен. Жоғарыдағы бауырластар зиратында 71 адам, соның ішінде Құрбанбай Рысбеков те жерленген.

Зираттағы тізімнен «Рысбеков Құрбанбай, Фрунзе ауданы, Сауран ауылдық кеңесі, Шорнақ селосында туылған» деген жазуларды оқыдық. Сонымен сондағы басшылармен Яцки селосындағы мектепке батырдың атын беру, қабірінің басына ескерткіш орнату жөнінде пікірлестік. Олар осы уақытқа дейін өз селоларында Кеңес Одағының Батыры жерленгенін білмегендеріне өкініш білдірді».

Осылайша Ұлы Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында Құрбанбай Рысбеков батырдың зираты табылған.